


**ЖАНҒЫРЫК**

**Б**иыл Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. Жастардың алаңға шығып, наразылық білдіруінің басты себебі елді талай жыл басқарған Д. Коңаевтың қызметінен алғының, орына Ресейден келген Г. Колбиннің тағайындалуы екені баршага белгілі. Тарихшы, доцент М. Эузевов атындағы ОҚУ ұстазы Сәрсебай Қәрібаевтың пікірінше, КСРО-ның шовинистік саясаты қазақ халқын бұрыннан ашуға бұлықтырып келсе, Желтоқсан оқиғасы сол әбден асқынған жараның жарылуы болды.

— Балабақшалардың, мектептердің орыс тілінде болуы, қазақтардың қалаға қоныстануына қарсылық саясатының жүргізілуі ұлттық іштегі тынған ыза-кегін күштейтті. Ресей қазақтарды мал бақсан халық есебінде билік жүргізе беруді қалады. Қой санын Қазақстанда 50 миллионға жеткіземіз деген ұран да тегін тасталмаған болса керек. Алайда, Желтоқсан шеруі оқдәрі салынған бөшкенің жарылысына әкеп соқтырды. Оның үстіне «аузы күйген үрлеп ішеді» демекші, қазақты аштықтан қырып жиберген Голощекиннің қалай ел басқарғаны кейінгі үрпактың есінен кete қойған жоқ еді. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақтар 6 млн. болатын. Аштықтан, құғын сурғыннен 4 млн. қазақ құрбандықта үшырады. Бір жағынан жастардың бойында сондай қитұркы саясат қазақ жерінде қайталана ма деген корку, күдік сезімі орын алды. Жалпы, қазақ



жастары ұлттық қозғалыстардың қашан да локомотиві саналады. 1979 жылы неміс автономиясын құруға қарсылықтын басында да жастар тұрды. Сондықтан Колбиннің билікке келуі қазақ ұлттының баяғыдан ішінде сақтап жүрген қарсылығы мен ренішин сыртқа шығаруға жәй ғана тұрткі болды, дейді тарихшы.

С. Қәрібаевтің айтудынша, жастар алаңға тек өздерінің талаптарын жариялау үшін

бейбіт мақсатта жиналған. Алайда, әкімшіл-әміршіл жүйе студенттердің өздеріне қарсы шыққанын көре алмаған және менсінбестік танытқан. Жастар алаңда «Мениң Қазақстаным» әнін шырқап, халықтар достығына ешқандай қарсы емес екендерін ашық білдірген. Олардың мақсаттары, көздеңдері біреу ғана еді: Қазақстанды жергілікті ұлттық өкілі немесе осы елден шыққан кез келген азаматтың қозғалыста қазақ жастары әскери біреуі басқару керек. Сөйтіп Орталықтың саясаты интернационалистік идеяны қолдаган Лениннің ұстанымына қарсы саясат екенін алғартты.

Жастардың алаңда көтерген бар ұраны сол еді. Олар КСРО-дан бөлінеміз, егемендік аламыз деген идеяны қозғаған жоқ. Дегенмен билік қозғалысты аяусыз басып-жаншуға тырысты. Сол кезде бірінші мәрте толкулардың күштегі таратуға жауаптаған «Мегель» операциясы теориядан тәжіри-

бе жүзінде Алматының орталық алаңында сынақтан өтті. Мен ол кезде ҚазМУ-дің студенттімін. Университеттегі басынан шеру басталғанда біздің алаңдағыларға қосылып кетуімізден қауіптеніп бәрімізді жатақхананың жертөлесіне екі күнге қамап таставды. Сонда Ресейдің орталық телеарнасынан шеруге шыққандарды айыптаған сюжеттерін көрдік. Осы Желтоқсан оқиғасында қазақ жастары әскери жасақтардан шынымен де көп зардап шекті. Қақаған аязда мұздай сумен атқыланып, әбден жаурап қолаяқтары үсіді. Саперлік күректермен ауыр жарапанып, итке таланды. Нәзік жанды екеніне қарамастан солдаттар өрімдей жас қыздарды соққыдап, шаштарынан жұлып, қарға аунатты. Сол тұста Мәскеудін Орталық билігі алаңға шыққандарды айыпта, тұтас қазақ халқын қаралған «Ұлтшылдар» деген қарар қабылдады, — деді Сәрсебай Өскенұлы.

Тарихшы баяндағандай, бұл қарар 1989 жылы өз күшін жойғанға дейін толқуға қатысқан азаматтар қудалаудың барлық түрін бастаң кешіпті. Ұзақ мерзімге сопталғандардан бөлек қаншама адам партиядан шығылған, жұмыстан қылған, оқын тастаға мәжбүр болған. Ал, «Ұлтшылдар» деген қара таңбаның алынып тасталуына, Желтоқсан оқиғасына әлемдік қауымдастықтың назар салуына себепкер болған ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов ағамыздың Мәскеуде өткен халық депутаттары съезінде сөйлеген сөзі еді. Сонда ақын биік мінберде тұрып, бүкіл халықтың алдында жастардың бұл оқиғадағы тәртіпсіздіктерге еш кінәсі жоқ екенін айттып, Желтоқсан көтерілісінің ақыратытолық ашылмаганын қынжыла баяндаған.

Желтоқсандағы қырғын КСРО-да ұлт татулығы мәселесі ешқандай да шешілмегенін айқын көр-



# ЖЕЛТОҚСАН ТАРИХЫ ҮРПАКТАР ЖАДЫНАН ӨШПЕУІ ТИС

сетіп берді. Керісінше, бір ұлттың екінші ұлтқа жасаған үстемдігі мен қиянаты түбінде өзіне таяқ болып тиетінін тағы бір мәрте дәлелдеді. Кеңес одағының саяси өмрінде демократияның, тұрақты оппозицияның болмауы ақырында бақайшасына дейін қаруланған Гитлерлік Германия жеңе алмаған алып державаны іштей құлатып тынды. Сол кезеңде Ресейдің ұстанған шовинистік саясатына бір қазақ халқы емес, Кеңес одағына мүше барлық елдің жергілікті ұлттары қарсылығын білдіре бастады. Желтоқсан қозғалысы болған жылы ақпан айында Якутияда ұлтаралық толқу орын алған. Жалпы, секенінші жылдардың аяғында КСРО жансақтау бөлімінде жатқан ауыр науқасты қөзге елестететін. Орталық басшылық оны аман алып қалудың амал-әрекетін жасап көргенімен, жоғарыда аталған себептер бәрібір өз дегенін істетті. Бүгінгі таңда Желтоқсан оқиғасының шындығын ашу қын іс болып тұр. Өйткені, көп құжаттар жойылып кеткен. Сүйенетін нақты дәйектер аз. Көтерілісті таспаға түсірген оперативті бейнежағалардың кейірі фрагменттері ғана сақталып қалған, — деді С. Қәрібаев.

Желтоқсан тарихын ешқашаш ұмытпауымыз керек. Ол бізге және бізден кейінгі үрпакқа сабак болып қалуы тиіс. Әрбір ұлттың өзі өмір сүрген жерінде өз тәртібін орнатуға, билік құруға қақысы бар. Бұл құқықтан оны ешкім де айыра алмайды. Сонымен бірге үстемдік, өктемдіктен ада ұлтардың өзара достығы мен бірлігі де ұмыт қалмауы тиіс. Еркіндік, шынайы тәуелсіздік деген осыны айтсақ керек. Желтоқсаншылардың алаңдағы жанайқайының артында да осы шындық жатқандай.

Әнуар ЖҰМАШБАЕВ